

**Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
2023-2024 оку жылында «Жол қауіпсіздігі ережелері»
атты өткізілген іс-шаралар бойынша анықтама**

Біздің елімізде әр түрлі көліктегі жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын курделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізуілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік аппаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиғаларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Осыған орай Жамбыл аулының жалпы орта білім беретін мектебінде әр айға бекітілген жоспар бойынша қыркүйек айындағы «Жол қауіпсіздігі ережелері» атты іс-шаралар жасақталып, өткізілді.

Іс-шараны өткізуідегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлumat беру, жол қатынасы ережелерін менгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сактау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сактыққа тәрбиелеу.

Сынып жетекшілер «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Қауіпсіз жол», «Жол жүру ережесі», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», «Жол тәртібін жадында ұста!», т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткізді.

«Жаяу адамдардың міндеттері туралы нені білесіндер?» тақырыбында оқушылардың жол тәртібі туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан мектеп психологи Г.Қожалепесова сауалнама алды. Оқушылардың 80 пайызы автокөлік қақтығысынан қалай сактану керектігін білетіндігі анықталды.

«Тиым салынатын белгілер» «Жол таңбалары» тақырыбы бойынша 1 сынып оқушыларына жол ережелері туралы видеороликті Н.Ижанова көрсетті. Жолда жүру ережелерін көшеде қатаң сактандар, жол белгілерін жаттап алындар деп қатаң ескертті.

«Абайла, жаяу жүргінші!» тақырыбында сурет көрмесі 1- 4 сыныптар аралығында ұйымдастырылды.

Мектебіміздің тәлімгері Г.Тыныбекова «Жаяу жүргіншілерге арнау» үнпарактарын таратты.

«Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» тақырыбы бойынша 10-11 сынып оқушыларына сынып сағатын Г.Қарауылбекова мектептің медбикесімен бірге алғашқы көмек қалай жасау керектігін көрсетті. Естен тану, аяқ-қолдың сынуы, ашық жарақат тағы басқа сол сияқты жағдайларда алғашқы көмек қалай көрсету керектігі жайында оқушыларға түсіндірді.

Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажыраты білуге баулу мақсатында 8 сынып оқушыларымен С.Саймов «Жол жүру қауіпсіздігі –

өміріміздің кепілі!» атты тақырыпта сайыс сабагын үйымдастырса, 7 сынып окушыларымен Қ.Туребекова. «Жол ережесін есте сақта» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Ал 9 сынып окушыларымен Қ.Жалмұхамбетова «Мектепке барап қауіпсіз жол!» тақырыбы бойынша түсіндіру сабагын жүргізді.

3-6 сыныптарда да «Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепілі», «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүререйік», «Жаяу жүргінші – назар аудар!» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Жол заны дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол катер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы табетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір окушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» мүқият тыңдал, әр сабактан қорытынды жасап отыруға міндетті екенін әр сынып жетекші окушыларға түсіндірді.

**1-8-сыныптарға арналған «Жолда жұру ережелері » оқу пәнінің
үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

1-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қылыштары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабак.	1
		Барлығы:	6

2-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1
2.	қазан	Реттелмейтін жол қылыштары.	1
3.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
4.	наурыз	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)	1
6.	мамыр	Қорытынды сабак.	1
		Барлығы:	6

3-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Балалардың көшеде, жолда жұру ережелері.	1
2.	қазан	Қай жерлерден жолдан өтуге болады.	1
3.	желтоқсан	Жол жұру белгілері және таңбалары.	1
4.	наурыз	Жаракаттанғанда көрсетілетін алгашқы медициналық көмек.	1

5.	сәуір	Сен – велосипедші.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабак.	1
Барлығы:			6

4-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жұру ережелерін білеміз бе?	1
2.	қазан	Білім алушылардың топпен және қатармен жұру ережелері.	1
3.	желтоқсан	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто аланда өткізілетін тәжірибелік сабактар.	1
4.	наурыз	Темір жол өтпелері.	1
5.	сәуір	Жаракаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабак.	1
Барлығы:			6

5-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан.	1
2.	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1
3.	қараша	Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.	1
4.	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1
5.	қаңтар	Жол жұру белгілері және олардың қолданысы.	1
6.	ақпан	Жүргізушиңің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне аярайының әсер етуі.	1
8.	сәуір	Велосипедпен жұру.	1
9.	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дene бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	1

10.	мамыр	Қорытынды сабак. Барлығы:	1 10
-----	-------	------------------------------	---------

6-сыныш

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелері (қайталау).	1
2.	казан	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	1
4.	желтоқсан	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	1
5.	қаңтар	Түрлі жаракаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	1
6.	ақпан	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысына қатысуышылардың құқыктары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	1
8.	сәуір	жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қакпан".	1
9.	сәуір	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу .	1
10.	мамыр	Қорытынды сабак. Барлығы:	1 10

7-сыныш

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.	1
2.	казан	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.	1
4.	желтоқсан	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.	1
5.	қаңтар	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	1
6.	ақпан	Жүргізушилердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.	1

7.	наурыз	Автокөліктеги медициналық кобдишаның болуы.	1
8.	сәуір	Темір жол қылышынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.	1
9.	сәуір	велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабак.	1
Барлығы:			10

8-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережесінің пайда болу. Жол белгілерінің халықаралық тілі.	1
2.	қазан	Қозғалысты реттеу нысандары.	1
3.	қараша	Жол белгілері.	1
4.	желтоқсан	Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.	1
5.	қаңтар	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	1
6.	ақпан	Жол қылышынан өту және жаяу жүргіншілер отпелері. Қоғамдық қолік аялдамалары.	1
7.	наурыз	Жол-қолік оқиғасы уақытында есінен таңған адамарға берілетін алғашқы медициналық көмек.	1
8.	сәуір	Будын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдықкан кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
9.	сәуір	Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабак.	1
Барлығы:			10